

## Оқылым

### 11-сынып

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

<b>1</b>	<b>B</b>
<b>2</b>	<b>A</b>
<b>3</b>	<b>Г</b>
<b>4</b>	<b>Ә</b>
<b>5</b>	<b>Б</b>
<b>6</b>	<b>F</b>

А) Шәкіртінің өтінішін ұстазы қабылдап, түссіз пакет пен картоп алдырады. - Егер сен біреуге ренжіп, ренішінді іште сақтайтын болсан, қолыңа бір картоп ал. Ренжісіп қалған адамыңың есімін сол картопқа ойып жазып, пакеттің ішіне сал. - Бар болғаны осы ма? - деп шәкірті таңырқап қалады.

Ә) Шәкірті ұстазының айтқанын бұлжытпай орындаіды. Арада біраз уақыт өтеді. Шәкірттің пакеті картопқа толып, айтарлықтай ауырлайды. Оны өзімен бірге алып жүруі қыынға соғады. Әрі картоп бұзылып, жағымсыз иіс шығара бастайды.

Б) Сол кезде шәкірті ұстазына келіп: - Өзіммен бірге мұны алып жүру мүмкін емес. Біріншіден, пакет тым ауыр. Екіншіден, картоп бұзылып, жағымсыз иіс шығарды. Мұның орнына басқа тәсіл ұсыныңызшы, - дейді.

В) Шәкірті ұстазынан: - Сіз сондай ақылдысыз. Үнемі көніл күйіңіз көтеріңкі болады. Ешкімге ашуланбайсыз. Маған дәл өзіңіз секілді сабырлы болуга көмектесіңізші, - деп өтініш білдіреді.

Г) - Жоқ, - деп жауап береді ұстазы. - Сен үнемі өзіңмен бірге осы пакетті алып жүруің керек болады. Біреуге ренжіген сайын әр кез бір картоптан қосып отыр.

Ғ) - Сенімен дәл осындаі жағдай болып жатыр. Сен мұны бар болғаны байқай алмай тұрсың. Біздің жасаған істеріміз әдетке, ал әдетіміз қатыгез мінезге айналады. Мен саған осы үрдісті сырттай бақылауға мүмкіндік бердім. Біреуге ренжімес немесе ренжітпес бұрын әр кез мұның қаншалықты қажеті бар екенін ойла, - деді ұстазы. Расымен де біреуге ұзақ уақыт бойы ренжігеніміз қаншалықты дұрыс?

#### **1. Мәтіннің мазмұнына сай сөйлемді белгілеңіз.**

- a) Ұстаз ашуланшақ болған.
- b) Ұстаз шыдамсыз болған.
- c) **Ұстаз ақылды болған.**
- d) Ұстаз қайғылы болған.

#### **2. Мәтін адамдардың қандай қасиеті туралы?**

- a) ұмытшақтық

**b) ренжігіштік**

c) шыдамдылық

d) жауаптылық

**3. Мәтіндегі негізгі ой қандай?**

a) Егер сен біреуге ренжіп, ренішінді іште сақтайтын болсаң, қолыңа бір картоп ал.

b) Өзіммен бірге мұны алып жүру мүмкін емес.

c) Біреуге ренжімес немесе ренжітпес бұрын әр кез мұның қаншалықты қажеті бар екенін ойла.

d) Расымен де біреуге ұзақ уақыт бойы ренжігеніміз қаншалықты дұрыс?

**4. Мәтінде жауабы бар сөйлемді табыңыз.**

a) Шәкірт кімге ренжіген?

b) Ұстаз тапсырмасының орындалуын қанша уақыт күтті?

c) Шәкірт ұстаздының айтқанын қалай орындағы?

d) Ұстаз қандай екінші тәсіл ұсынды?

**5. Мәтіннің мазмұнына сай мақалды таңдаңыз.**

a) Жаман үйдің қонағы билейді.

**b) Жаман өкпелеймін деп сыбағасынан құр қалады.**

c) Жақсы таяқ жаман жолдастан артық

d) Жаманнан жарты қасық ас қалады.

**2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Менің анам – әлемдегі ең асыл жан. Анам екеуіміздің арамызда көзге көрінбейтін құдіретті күш бар. Ол мейірім деп аталады. Мен гүл болсам, анам – сәулесін төккен күн. Мен сол сәуледен жылу аламын. Мен құрақ болсам, ол – мөлдір бұлақ. Мен сол бұлақтан нәр аламын. Анам екеуміз кез келген мәселе жөнінде ашық сөйлесеміз. Ол маған дауыс көтеріп ұрыспайды, сол себепті қай уақытта да анама шын сырымды айтамын. Егер қателессем, ашуланбайды, ренжімейді, жай сөзben қатемді түсіндіреді.

Анам менің достарымды да жақсы көреді. Достарыммен қызыру үшін анамнан алдын ала рұқсат сұраймын. Ол достарыммен араласуыма ешқашан қарсылық білдірмейді. Тек қайда және не үшін баратынымызды, ол жаққа барып қайтатын уақытымызды сұрайды. Демалыс уақытымызды ақылдасып, алдын ала жоспарлаймыз. Кейде бір-бірімізben келіспей қалсақ, анам таңдауды бізге қалдырады. Бұл – бізге үлкен жауапкершілік артады.

Міне, менің анашым осындағы адам. Оның қасында мен өзімді бақытты сезінемін.

**1. Менің анам қандай адам?**

a) өте қатал адам

b) ең жақсы жан

c) ең асыл жан

d) құрметті адам

**2. Анам екеуіміздің арамызда көзге көрінбейтін құдіретті күш бар. Ол ... деп аталады.**

a) еркелік

b) құрмет

c) қадір

d) мейірім

**3. Екеуіміз кез келген мәселе жөнінде ашық сөйлесеміз деген сөйлем кімдерге қатысты екенін табыңыз.**

a) әке мен бала

b) ана мен әке

c) ана мен бала

d) бала мен інісі

**4. Егер қателессем, анам не істейді?**

a) ашуланбайды, қатемді түсіндіреді.

b) ашуланады, қатемді түсіндіреді.

c) ашуланбайды, байқамайды.

d) ашуланады, ренжиді

**5. Достарыммен қызыру үшін анамнан не сұрайтынымды табыңыз.**

a) ақша

b) уақыт

c) рұқсат

d) сағат

**6. Анам достарыммен араласуыма ешқашан қарсылық білдірмейді, бірақ...**

a) қашан және қайда баратынымызды сұрайды.

**b) қайда және не үшін баратынымызды, қайтатын уақытынымызды сұрайды.**

c) қашан және не үшін баратынымызды, қайтатын уақытынымызды сұрайды.

d) ешқашан ешнәрсе сұрамайды.

**7. Демалыс уақытын қалай жоспарлайды?**

a) ақылдаспай, алдын ала жоспарлайды.

**b) ақылдасып, алдын ала жоспарлайды.**

c) ақылдасып, алдын ала жоспарламайды.

d) ақылдаспай жоспарлайды.

**8. Бір-бірімен келіспей қалса, анасы не істейді?**

a) тандауды өзіне қалдырады.

b) тандауды ешкімге қалдырмайды.

c) тандауды әке-шешесіне қалдырады.

**d) тандауды балаларына қалдырады.**

**9. Мәтінде ана баласына не білдіреді?**

a) реніш

b) наразылық

c) сенім

d) ескерту

**10. «Мен құрақ болсам, ол – мөлдір бұлак» деген сөйлемге қай мақал сәйкес келетінін анықтаңыз.**

a) Ата көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер.

b) Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.

**c) Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлак, бала – жағасындағы құрақ.**

d) Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал.